

О.Бөкеев атындағы тіл байқауы

Төл әдебиетіміздің төрінен таңдаулы орынын алған, тарлан талант, өр Алтайдың Оралхан Бөкейі биыл тағы да өз бейнесін танытты. Ұлттық игіліктерге, әдебиетке көңіл бөлген игі жақсылар Оралхан Бөкей атындағы республикалық деңгейдегі байқаудың биылғы сатысын сәтті өткізді. Сәтті өтті деуімізге, ол сайысқа Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасының атынан облыстың намысын қорғау үшін «Болашақ» университеттің III курс студенті Меруерт Найманбаева қатысты. Бұл зор мәртебеге Меруерт аянбай төккен тердің, еңбектің арқасында жетті. Көңілі көктемдей көрікті, өзі де Алтайдай жер жаннаты Қарқаралыда туып-өскен құрбымыз жетекшісі Құралай Мағиқызымен бірге осынау сындарлы сайысқа абыроймен қатысып келді. Жинаған баллдары бойынша мәреге 4-ші межеде жеткен Меруерт «Белсене қатысқаны үшін» номинанты атанып, Мақтау қағазына ие болды. Көңілге күдік ұялатар күмөндар, шынайы жеңіс пен өкінішті жеңілістер, Өскеменге, дәлірек айтсақ Алтай асуына барған сапарында алған әсерлер жайында біз Меруерттің өзінен сұраған едік.

Оралханның өр Алтайында болып қайтты

кәсіби мамандықтарын, яғни, актер екендіктерін» мойындап қойды. Таланттарында шүбә жоқ болса да, шырайлы байқаудың шырқын, яки шартын бұзып дүлдүл болғандардай жүлде алуды мен өзіме мақсат етпес едім. Қаймана қазақтың қара қылды қақ жарған қазыларын осындайда аңсайды екенсің! Бәлкім, қазылар алқасы өз шарттарын белшеден басып, Оралхан ағаның «Құм мінезіндегі» құм мен Барханның жүрегінің кеңдігін байқауға арқау етті ма, дерсің?!

- Осы байқаудан кейін не түйдің? Болашақ жоспарларың қандай?

- Осы байқаудан өзіме оң әсер-

-Конкурстың мақсаты, басты жаңалықтары не болды?

- Мақсаты, әрине, ол Оралхан ағамыздың әдебиеттегі ғана емес, өмірдегі бейнесі, сонымен қатар ол кісінің идеяларын біз сомдаған кейіпкерлер арқылы халыққа тарату болды. Тағы бір айта кетерлігі ол ұлттық әдебиетіміздің осындай алтын мұраларын мұрағатта сақтамай, ел алдында насихаттаған игі жақсылардың үлкен ісі екені рас. Басты жаңалық ретінде мен үшін - Оралхан ағаның шығармаларындай көркем табиғатқа ие Алтай бейнесі. Және де жаңадан танысқан достарым, республикалық деңгейдегі жарысқа қатысудың өзі маған басты жаңалық болды.

- Өскеменге, немесе Оралхан өлкесіне жасаған сапарыңда алған әсерің қандай?

- Біз Өскеменге жете бергенде ну орман, одан кейін тасты таулар көріне бастады. Әрине, өзім де сондай керемет табиғатта өскендіктен, таң қаларлық ештеңе бола қойған жоқ. Дегенмен, олардың өзіндік ерекшеліктері бар еді. Мен оны бірден байқадым. Өр тауда, әр ағашта Оралхан ағаның туындыларының ғажайып сырлары жатқан тәрізді.

Бізді жақсы қарсы алды. Өр күн түрлі жаңалықтарға толы еді. Бірақ маған ең қатты әсер еткені - конкурс болар күні ұйымдастырушылар ертемен бізді «Жастар» саябағына апарды. Саябаққа кіре бергенімде әр ағаштан, әр жерден Оралхан ағаның кейіпкерлері шығып шағын көрініс қойды. Сонда біз сол шығарманың оқиғасының ішінде жүргендей болдық. Бұл ұйымдастырушы аға-апаларымыздың бізге конкурс алдында рухтары шабыттансын дегені болар. Жалпы конкурсқа 19 сайыскер қатысты. Өр облыстың бетке ұстарлары, бәйгеден озып шыққан шабандоздары. Бір-біріне күлімдей қарап, шаттықтан шабыттанғандары айқын көрінді. Менімен бірге барған, қолдау көрсетіп, көмегін аямаған ұстазым



Құралай Мағиқызына Өскемен қаласы туған өлкесі ретінде таңсық емес, ал мен үшін бәрі жаңалық еді...

- Жеңіс пен жеңіліс таразыға дурыс салынды ма?

- Сұрақтың дәл жауабын беру үшін байқау барысын баяндай кетсем. Байқауға қатысқан үміткерлер кілең талантты жастар. Өр қайсысының болмасада, кейбіреулерінің түпкі ойында «орын алсам» деген емес, «Оралхан ағамыздың кейіпкерлерінің образын сомдап, идеясын халыққа жеткізе алсам» деген түйін тамыр тартқаны рас. Дегенмен, бұл сайыстың ережесінде «өнер адамдары қатысуға болмайды» делінсе де, әділеттіліктің ауылы қонысын Өскеменнен шалғай салғаны сын көтермейді. Мен ойлағандай бұл сайысқа қатысушылардың бәрі дерлік шартқа сай жиналмаған екен. Сөзіме мысал ретінде айтатын болсам, сайыс өткеннен кейін Орал облысы, Астана қаласынан, тағы басқа жерлерден қатысқан сайыскерлер «негізінде өздерінің

лермен бірге, үлкен осындай сындарлы сайыстардың деңгейін байқадым. Ұлттық ұлы идеяларды ұлықтаған жарыстың мәресіне дейін барып, жоғарғы деңгейдегі көзқарастармен таныстым. Өзім іштей түйгенім, әрине, орын ала алмасам да, көркем өнерден қол үзбей, талантымның қыррын қарыштап, алдағы сындармен сайыстарға дайын жүру. Өз мінезіме тән әр сайыста жаңа бір қырымнан жаңа образдармен белес-биіктерден көрінуге ден қоямын деген ойдамын. Сонымен қатар қолдау көрсетіп, басты демеушім болған Сейфуллин атындағы театрының костюмдер цехының меңгерушісі Аверкина Зинаида апайымызға сахналық көріністерге лайықты киімдерді таңдап, көмек жасағаны үшін зор алғысымды білдіремін!

- Өңгімеңізге рахмет.

Қуаныш МЕДЕУБАЕВ,
Қарағанды «Болашақ»
университетінің III курс студенті.